



Нұрлыбек МЫҢЖАС, Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапхана директоры, тарих ғылымдарының кандидаты:

БҰЛ ЖЫЛДАРЫ ҰЛТ ЗИЯЛЫЛАРЫ ЖЕМІСТІ ЕҢБЕК ЕТТІ

Биыл – Қызылорда қаласының ел астанасы болғанына және ұлт атауы ресми түрде қазақ аталғанына, Ақмешіттің Қызылорда болғанына 100 жыл. Бұл жалғыз Сыр өңірінің мерейтойы ғана емес, тұтас ұлт, мемлекет тарихына қатысты кезең. Қызылорда астана болған тұста бұл жерде ел келешегіне қатысты көптеген тарихи шешім қабылданды. Қызылорда – қазақ халқының алғашқы өз еркіндігін алуының, ұлтымыздың «қазақ» деген атауға ресми түрде ие болуының тарихи куәсі болған жер. Қызылорда қаласының тарихи ролін жаңаша зерделеуге, ұлттық сананы жаңғыртуға арналған мазмұнды іс-шаралар өткізуде кітапхананың орны ерекше. Осы бағытта атқарылған жұмыстар жөнінде Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапхана директоры, тарих ғылымдарының кандидаты Нұрлыбек Мыңжаспен әңгімелескен едік.

2-БЕТТЕ

Қызылорда қаласының астана болғанына 100 жыл толуы мен қала күніне орай «Қызылорда – жастар қаласы» атты фото көрме ұйымдастырылды.

НЫСАНАДА – ҚАЛА КЕЛБЕТІ

Көрмеде шаһардың сәулетті келбеті мен заманауи тынысын бейнелеген түрлі жанрдағы фотосуреттер көпшілік назарына ұсынылды. Әрбір туындыдан Қызылорданың көркем бейнесі мен жастардың шығармашылығы айқын көрінді.

Көрменің мақсаты – қаланың жаңа тынысын жастардың ұшқыр қиялымен көрсету, олардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыру. Осы мақсатта жас фотографтар мен өнерлі жастар өздерінің креативті идеяларын ортаға салды.



Іс-шара барысында қала жастары өздерінің шығармашылық мүмкіндігін көрсетіп қана қоймай, елжандылық пен отансүйгіштік сезімдерін паш етті. Олардың әрбір жұмысы сырлы қала Сыр елінің жаңа бейнесін сомдады.



Сонымен қатар 200-ге жуық жас қаланың мерекесіне арналған жүрекжарды тілектерін «тілек тақтасына» жазып, қала әкімдігіне тарту етті. Бұл жастардың туған жерге деген ыстық ықыласы мен ризашылығын білдіретін ерекше көрініс болды. Шара соңында белсенді қатысушылар мен үздік фотосурет авторлары қала әкімдігі тарапынан марапатталып, Алғыс хаттар мен ақшалай сыйлықтарға ие болды.

«Ақмешіт-ақпарат»



Ақмешіт

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

Аялаймын сені, Қызылорда!

7 қазан
сейсенбі

№76 (2188)

2025 жыл

■ ҚАЛА ТЫНЫСЫ



Қызылорда қаласы бүгінде дамудың жаңа кезеңіне қадам басып, халық сұранысын қанағаттандыру жолында жасампаз жобаларды жүзеге асыруда. Атап айтсақ, соңғы жылдары облыс орталығында жол инфрақұрылымын дамыту бойынша қарқынды тірлік атқарылууда. Қуантарлық жайт, Сырдың бас шаһарында жол қатынасына байланысты мәселелер шешімін тауып, жыл өткен сайын жақсарып келеді. Биыл да қаламызда басты жолдар мен көшелердің аясын кеңейту қарқын алды.

Байыпты бастамалардың бірі – Тәуелсіздікке 25 жыл даңғылында жүргізілуде. Жобаның бірінші кезеңі бойынша жағалау аймағы абағаттандырылып, серуендеуге қолайлы инфрақұрылым жасалды. Даңғыл тек инженерлік тұрғыдан емес, эстетикалық жағынан да көркейе түсті. Жол жиегі түрлі-түсті бояулармен көмкеріліп, көз тартарлық суреттермен безендірілген еді. Бүгінде бұл даңғыл жол



шаһар шырайын келтіріп тұр. Қазіргі уақытта Тәуелсіздік даңғылын жаңғыртудың екінші кезеңінің құрылысы қарқынды жүргізілуде. Ұзындығы 2,867 шақырым, ені 14 метрлік төрт жолақ болып кеңейтілді. Сонымен қатар даңғыл бойынан ені 6 метрлік жаяу жүргіншілер және велосипед жолдары салынуда. Құрылыс жұмыстарын «УАД» ЖШС атқаруда.

Айта кетейік, биыл жол инфрақұрылымын дамытуға республикалық, облыстық, аудандық бюджеттен қаржы бөлініп, 329 шақырым автомобиль жолдары, көшелер мен көпір өткелдері жөндеуден өтті. Осы жұмыстардың нәтижесінде жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жолдардың үлесі 95 пайызға жетті.

А.АЙТЖАНОВА

■ ЖАҢА НЫСАН

СЫР СПОРТЫНЫҢ СЕРПІНІ



Қаланың сол жағалауында ел күткен қуанышты сәт – жаңа стадионның ашылу рәсімі өтті. 11 мың көрерменге арналған заманауи спорт нысаны Сыр өңірінің ғана емес, қазақ спортының жаңа белесі саналады. Бұл тәуелсіз Қазақстан тарихында бой көтерген жаңа үлгідегі үшінші стадион. Жаңа нысанның ашылуын асыға күткендер аз болған жоқ. 11 мың орындық стадионда билет тапшы болып, орын лық толы болды. Сыр спортына серпін берген жаңа стадионды көруге біз де асықтық.

Архитектуралық келбеті мен құрылыс сапасы заманауи талаптарға сай. Трибуналар ойын алаңына жақын орналасқан, ал жасанды жабынды арнайы Еуропадан келінген. Жаңа арена тек футбол алаңы емес. Мұнда бокс, дзюдо, грек-рим және еркін күрес, фитнес, спорттық гимнастика, таеквандо, ауыр атлетика сияқты спорт түріне арналған залдар бар. Ғимараттың бірінші қабатында жаттығу орындары, екінші қабатында әкімшілік бөлмелер, ал үшінші қабатында спортшылардың баспасөз конференциясы мен жиын өткізуіне арналған зал қарастырылған. Бір айта кетерлігі, жаңа стадион тіпті футболдан халықаралық деңгейдегі ойындарды өткізуге рұқсат алған.

– Бұл арена халықаралық талапқа сай салынған. FIFA сарапшылары тексеріп, сапасына жоғары баға берді. Әлемдік деңгейдегі стадиондардан кем емес. Енді бұл жерден «Қайсардың» қайсарлы ұлдары ғана емес, жаңа буын спортшылар өсіп шығатынына сенім мол, – дейді Қазақстан футбол федерациясының жарыстарды ұйымдастыру директоры Бақытжан Пазылхайыр.

4-БЕТТЕ

«Ақмешіт» газеті

Бір ғұмырың жетсін, мейлі, жетпесін,
Өкінесің уақыт сырғып өткесін.
Маған дейін қоя алмаған ешкім де,
Мен де уақыттың қоя алмаймын нүктесін.
Армандарың шарлай берсін көк төсін,
Өте алмасың сезді де арғы бетке шын.
Жарығының азайғанын сезгендер,
Өмірінің ерте қойды нүктесін.

Бұл – жасындай жыр өлеңінің жалынына жан дүниесін жылытқан нөсердей жауып, найзағайдай жаркылдаған дүлдүл акын Ибрагим Исаевтың өлеңі. Өзі жырлағандай, ел жүрегін жырмен тербеген талантты акын өмірінің нүктесін 65 жасында қойды да, бақиға аттана берді. Алайда ақиық акынның 700-ге тарта өлеңі



бар. Өнер жұлдыздарынан Жеңіс Сейдоллаұлы «Сенен жасыра алмадым», «Туған күнімнен» әнін, Жеңіс Ысқакова «Әнші бақыты», «Шоқ қыздар», «Сыр сұлуы» әнін, Сәкен Қалымов «Ән аға», «Достар», «Алтайдың ар жағынан келген ару» әнін үлкен сахналарда шырқап, елдің алғысын алуға. Осылайша оның мәңгілік өмірі әсем әнмен шарықтап, өмірден өткенмен жырлары талай жүректегі сезімді, махаббатты, туған жерге, бауырға деген құштарлықты оятып, жаураған сезімнің шырайын кіргізді. «Биязы жырдың бағбаны» деп баға берген акын-публицист Өтеген Оралбайұлы өз естелігінде «Ибрагимнің сөзіне жазылған әндердің бәрі дерлік көркемдікке, образға, ой мен сезімге бай болып келеді. Әнге сөз жазудың мәдениетін жақсы меңгерген он акын болса, ол сол ондыққа ұялмай кіре алатын қаламгер. Оның «Шәмші ағасының» өзі неге тұрады. Сөзі де, сазы да (Қалдыбек Құрманәліні айтып отырмын), айтушысы да (Сәкен Қалымовты айтып отырмын) келіскен көркем дүние, көшелі шығарма. Шәмшінің адами-шығармашылық портретін сомдаған бұл жырды талантқа тағзымның озық көрінісі, рухани реквием деп бағалау ләзім. Бәріміз де Шәмшінің әндерін жақсы көреміз, айтамыз, тыңдаймыз, сонда жанымыз жазғы жаңбырдың суынан тазарғандай болады. Композиторға қойылған елеулі ескерткіштің бірі осы ән десек, оқырман олқысыңбас. Дарынға дұға дерлік дәргейлі туынды» деген екен.

Өмірін өлеңмен өрнектеген акын Ибрагим Исаев Сырдария ауданы, Жетікөл ауылында өмірге келген. Өткен апта өзінің сыршыл перзентін Сыр елі де ерекше ұлықтап еске алды. Қазақ поэзиясының шебері, халықаралық «Алаш» әдеби

сыйлығының лауреаты, қазақтың қабырғалы ақыны Ибрагим Исаевты еске алуға арналған «Есімің сенің мәңгілік» атты мәдени іс-шара қалаға қарасты Жакыпбек Маханбетов ауылында түркіреп өтті.

Ұлттық рухтың тереңіне бойлаған, тек жан-жүрегімен халқын ойлаған акынның жыр ғұмыры туған жерге, елге деген махаббаттан, шынайы сезім мен өмірге құштарлықтан құралған. Ақын ғана емес, азаматтық бейнесіне қылау түспеген жанның қаумалаған халқы, дос-жараны, шығармашылық бейнесін құрмет тұтқан жанашырлары, туындыларын құмарта оқитын оқырмандары көп болды. Міне, өршіл акынның асыл арманы да осы болатын. Яғни жанкештілікпен жазған өшпес мұрасының елмен қауышуы еді.

Бүгінгі еске алу шарасы – оның рухына тағзым, шығармашылығына құрмет, артында қалған асыл мұрасын болашаққа аманаттау. Мұра мәйегін дәуір көңінен даралаған, ұрпақ болашағына рухани дем берген, қазына қайнарын ғасырлар қойнауынан бүгінге жеткізген, жыр болмысын өмір мәйегіне айналдырған Қызылорданың Қазақ елінің астанасы болғанына 100 жыл толу мерейтойы аясында ұйымдастырылған еске алу кеші акын өмірінен сыр шертетін бейнебаянмен басталды.



Іс-шарада сөз алған қала әкімінің орынбасары Ділмұхамед Абызов шаһардың ғасырлық мерейтойымен қатар келген бұл мәдени-рухани кештің мәні мен маңызына тоқталып, Алаштан ат оздырған ардақты акынның өшпес мұрасы ел жадында жаңғыра беретінін айтты.

Сонымен қатар шара аясында өңірдің дамуына үлес қосып жүрген ауылдың бірқатар азаматтарына Алғыс хат табысталды.

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, акын Қазыбек Иса, қоғам қайраткері, еңбек ардагері, акынның досы Ибрагим Әбибуллаев сөз сөйлеп, акынның азаматтық болмысын, шығармашылық әлеуетін тілге тиек етті.

Ақын Қазыбек Иса өзінің «Үш Исаев немесе Ибрагим көке» атты өлеңін оқыса, акынның досы Ибрагим Әбибуллаев «Елге сәлем» өлеңін жатқа оқыды.

Астанада бір ұлың сәлем деді дегейсін,
Сәтін салса құдайым, келем деді дегейсін.
Көңіл-күйін байқатпай, кейде жүрер жол таппай,
Сағыныштың сызығы тереңдеді дегейсін.
Алматыға бұл күнде сыймай-ақ жүр дегейсін,
Туған жерін, достарын қимай-ақ жүр дегейсін.
Қалмағандай тірегі, шытынаған жүрегі,
Амал қанша, әйтеуір, қирамай жүр дегейсін...

Қаншама адамның жүрегін баураған алатаудай акынның соңғы өлеңі жазылғанмен, аты тарихта қалды.

Ей, соңғы өлең, мен өмірге бір келем.
Жолдарымда бірге жүрдің жүрмеген,
Көз ілмеген күндеріме күәсін,
Сезімдерім сен арқылы гүлдеген.
Сен арқылы сөздім уақыт қымбатын,

БИАЗЫ ЖЫРДЫҢ БАҒБАНЫ

Ауа болдың, бақыт болдың бір татым.
Сен арқылы абырой да таптым мен,
Сен арқылы ел есінде қалды атым.
Өзі жырлағандай, Ибрагим Исаевтың есімі өміршең туындысымен ел есінде қалды. Алаштың анасы атанған Сырдың жағасында бірлігі жарасқан, берекелі тіршіліктің мекені Ақсуат ауылдық округінде төл өнерімізді ту еткен акын Ибрагим Исаевтың өміршең туындыларын қазақ өнерінің қайталанбас дарындары Жеңіс Сейдоллаұлы, Жеңіс Ысқакова, Сәкен Қалымов, Рүстембек Нұржігіт орындап, ауыл жұртшылығына мәдени-рухани азық сыйлады.

Гайһар ҚОЖАХМЕТОВА



... Төсіне так Аскардың аға жырын,
Көп жасауға бір белгі болсын ырым.
Гүлді өсірер бақытты болсын үйде,
Құдай қосқан қосағың – Тазәгулін.
Тазәгулің таранған тотыдай боп,
Күндіз күндей, түнде туған ай боп,
Жарқырасын, жайнасын Тәкей інім,
Қысқа өмірде өмірлік сұлу жар боп.
Қызыл гүлдей адам бар қияғы алтын,
Қашан көрсен, жарқырап жүзі жарқын,
Жанарымен жаныңды жасартады,
Қантарда да тартпайды түрі салқын.

... Оқыдым, ойландым, түйдім... Мен бақытты адаммын! Менің бақытым – қадірімді білген халқым, қасымдағы Тазәгул мен балаларым, немерелерім. Тазәгул екеуміз тереземіз тең отырғанда Айгүл мен Айнұрды құтты жеріне қондырдық.

Тазәгул апамды танитын барша шәкірттерінің өмір жолында шамшырақтай жарқырап жарық түсіре берері сөзсіз.

Ең алдымен, Апа – адал жар, мейірімді ана, қамқор бауыр, өзім дегенге өзегін жұлып берер үлкен жүректі жан. Өңімеңі әріден бастасам...

Үйдің үлкендері өз алдына түтін түтетіп, отбасылы болып кетті де, кішкентайлар 1979 жылы тамыз айында Тазәгул апаның қолына біржола келіп, бірге тұрдық. Міне, осы уақыттан бастап балалық көңілдің түкпірінде ағаның әкелік қамқорлығы мен апаның аналық мейірімін толық сезіне бастадық. Әрбір күн өзіңше сабақ. Есейе келе, уақыт өткен сайын әр нәрсенің құндылығын, әрбір сәттің қайталанбас артықшылығын білдік, сезіндік, көңілге түйдік.

Шынында да, біз үшін Тәкей аға мен Тазәгул апа әрдайым адамгершіліктің биік

оқытушы» байқауына қатысып, бас жүлдені жеңіп алғанымда жүзі ерекше нұрланып, үлкен мейіріммен «айналайын» деп бетімнен сүйіп, құшағына басқанын қалай ұмытайын. Шәкірттері еске алғанда бәрі де бірауыздан «апайдың сабағы – әдебиет әлеміне деген саяхат қой» деп ерекше қанаттанады. Ұстаз шеберлігі деген осындай болар.

Төртіншіден, Ол – көркем әдебиетті тұшынып оқытын және оқығанын білгенін, түйгенін өзі біліп қана қоймай, жастарға, жұртшылыққа бұқаралық акпарат құралдары арқылы белсенді түрде насихаттап, бөлісіп отыратын көркемсөз шебері, Сыр өңірінің рухани мәдениетін өркендетуге өз үлесін қоса білген қайраткер.

Бірде ана телефон соғып: «Күлдір, сен «Егемен Қазақстан» газетін аласың ғой. М.Жолдасбековтің «Әулие» атты мақаласы шығыпты, оқы», – деді.

СӨНБЕЙТІН ШЫРАҚ

Сол тұста Сәнімкүл аналары мынадай өлең жолын арнаған еді:

Қия алмай босағасын қыз аттады,
Ананың жүрегінде сызат қалды.
Сол сызаттан саңылау тапты-дағы,
Жел улей ме?..
Атырды ұзақ таңды.
Бесігіне асылып ана көңіл,
Астаң-кестең ақыл-ес тызастады.
(Бір ойды бір ой іліп тұзастады)
Әйтеуір, жүрегінде сызат қалды.
Өмір заңы қайтесің, қыз кетеді,
Құлазтып көңілді, іздетеді,
Қыз – қызығым!

Бас ауырып, балтырын сыздағанда,
Ақ көгершін алдымен қыз жетеді...

Өмірде солай болды, Айгүлім мен Айнұрым көгершіндей ұшып келіп тұрды. Сәнімкүл Тазәгулге ұстаз ғана емес, анасындай абзал жан ғой.

Тазәгул, айналайын, көгілдірің,
Көзіңнің қарашығы, өмір гүлің.
Есейіп, қанат қағып, теңін тауып,
Қосылып жатыр екен көңіл бүгін.
Құтты болсын бәрі де орамымен,
Бір-біріне екі жас болады тең.
Бірлік болса, қос құда балаларға,
Бірі – жаға, біреуі – болады жең, – деп еді.
Шүкір деймін. Маған бұл аз бақыт па?!

Тіршілікте бәрін ой сарабынан өткізіп отырдық. Менің бақытым – осы жандардың ықыласы, – деп тебірене жазған екен. Біз де ардақты Тәкей ағаның осы толғанысына қосыла отырып, аяулы апамыздың барша жанға пана, дана, мейірімді, қамқор, иманды, ибалы болғанын айтамыз.

Уақыт өткен сайын апамның жарқын бейнесі санамызда қайта жаңғырып, оның фоны ғұмыры бізден алыстаған сайын рухани үлгісі, мейірімге толы жарқын бейнесі, жып-жылы алақаны, берген ақыл-көнесі, адамгершілігі жаңғыра түседі. Ғазиз жанның нұсқаған жолы, көрсеткен үлгі-өнегесі

тұғыры, қарапайымдылық пен мейірімділіктің өлшемдеріне айналған жандар еді. Аға екеуі арасынан қыл өтпестей дос, сырлас болды. Бірін-бірі толықтырып жүретін, екеуінің келбеті қалай үйлессе, жандүниесі үндесіп тербелетіндей көрінетін. Тазәгул апа: «Тағдыр мені ақыл, парасатына білімі мен біліктілігі, мінез-құлқына дүниетанымы сай азаматқа жар етті. Тағдырым арқылы алған тағылымым өз өмірімен де асып төгілер еді», – деп ағынан жарылатын. Ағаны ерекше қадір тұтып, күндегі тірлікте құрметпен ықылас танытатын. Апа ағаның қандай пікіріне болсын қолдау көрсетіп, әрдайым ой бөлісіп отыратын.

Екіншіден, Тазәгул апа – қарапайым қонақ-жай қазақ әйелі. Қазақ халқы ханның ханымын, батырдың аруын бір-бірінен айырып қарамаған, қайта бір бүтіннің екі жағы деп қабылдаған. Ағаның Сыр өңіріне аяқ басқан ел ағаларын кез келген уақытта отбасына шайға шақыруы апаға деген толық сенімінен, осы бір бүтіндіктен болса керек. Қонақтар қатарында танымал жазушылар, өнер адамдары, ел басқарған азаматтар бар. Кенес Одағының Батыры Қасым Қайсенов, жазушы Әбдіжәміл Нұрпейісов, Әзілхан Нұршайықов, өнер майталмандары Нұрғиса Тілендиев, Құман Тастанбеков, Меруерт Өтекешова сынды ел мақтанышына айналған қонақтар ерекше есімде қалыпты. Апа сол кісілердің бәріне жылы-жұмсағын ықыласпен ұсынатын, өзінің ой-пікірімен бөлісіп, әңгімелесе білетін еді.

Үшіншіден, ол шәкірт бойына ізгілік пен мәдениеттің нәрін дарыта білген ұстаз. Ол өз мамандығын шексіз сүйетін. Көркем шығарманы толық оқып шықпайынша талдамайтын. Мен 1986 жылы ҚазМУ-ды бітіріп келіп, апамен әріптес болдым. Сабақ жоспарын жасау, ашық сабақ өткізу, диплом жұмысына жетекшілік ету, дұрыс киіну, әріптестермен сыйпайы қарым-қатынас қалыптастыру тағы басқа күнделікті тірлігіме үнемі ақыл қосып, қамқорлық танытып отырды. 1991 жылы «Ұзақ

Мен газет қолға тиген бойдан мақаланы бір деммен оқып шықтым. «Әбіш, – деп жазған М.Жолдасбеков – тарихтың құрсағынан, дәуірдің құндағынан, жалпы қазақтың кең пейілінен, құшағынан ерекше жаралған тұлға. Мен Әбішті адам аяғы баспаған арал секілді күнде ашамын, ашқан сайын жаңа қырынан танымын. Ол даналығы мен кеменгерлігіне қарамастан өзін ешкімнен артық санамайтын».

Апаға қайта қонырау шалып, мақаланы оқып шыққанымды айттым. Апа тебірене отырып, «биіктік, кеңдік, тереңдік» деген қазақтың өз өлшемі Әбіш Кекілбаевтың болмысынан табылатынын айтты. Мен бұларды неге айтып отырмын? Апа еш уақытта әйел болып, өсек-ан айтпайтын, бәрімізді рухани байытып, шабыттандырып, тәрбиелей білді. Қайран, апатайым, қазір өзі кеткелі «ақылдасайын дегенім ғой» деп әңгімесін бастап, «ар жағында қазаныңның асты күйіп, не шөйнегің қайнап жатқан жоқ па еді, мен ұзағырақ сөйлеймін» деп қамқорлық жасай отырып, пікірін бастайтын. Сондай бір кездесулерден алған әсерін айтып, кей тұсына сүйсініп, кей тұсына «дұрысы былай емес пе еді» деп риза болмай қалатын кезі болатын. Бірде үлкен жиында сөйлеген сөзінен кейін, өзі тамсанып оқытын кеменгер Әбіш Кекілбаев ағамыздың орнынан тұрып келіп, қолынан сүйіп, аса ризашылығын білдіргенін қуанып айтқаны бар.

Бір күні А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде қазақ қаламгерлерінің ақсақалы белгілі жазушы Ә.Нұрпейісовпен кездесу ұйымдастырды. Кездесуге апамен бірге барып, қатар отырдық. Апа жазушының шығармаларын толық оқыған және көңіл сүзгісінен өткізіп, санасына токи білген оқырман. «Қан мен тердің» өзіне ұнаған тұстарын жатқа біледі.

Осы кездесуде апа жазушы шығармаларына талдау жасады. Шығарма кейіпкерлері жарыса шығып, көз алдымызда сап түзей бастады. Халық топырағының тереңнен тамыр тартатын

образ – Кәлен, қарапайым балықшы, өр мінезді, намысшыл Еламан, бақыты баянсыз болған Ақбала, ақылман қария Сүйеу қарт, Мөңке, Айғаным, тіпті Судыр Ахмет те ұмыт қалған жоқ. Сөз құдіреті ме, әлде іштен тоғыз толғанып туған туындының өзіндей сезініп, талдап жатқандықтан ба, қарт жазушы тыныштанғандай болды. Бұл – апа шығып сөйлеген осындай кездесулердің бір парасы ғана еді.

Бесіншіден, Тазәгул апа ұлы Абай іліміне тәнті жандардың қатарында. Абайды құныға оқып, тереңдікпен түсіндіре білетін. Абай мұрасының кемелді салаларының бірі ұлттық танымның ұстынына айналуға тиіс тұғырлы дүние – толық адам ілімі екенін айтудан жалықпайтын, тіпті уақытпен санаспай, аудиториясын жалықтырып алмай Абайдың әрбір кемел ойын сағаттап талдайтын. Толық адам ілімі адамның рухани кемелденуін үш негізде атап айтсақ, «ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» сынды айнымас үш темірқазыққа байлайды. Хакім айтатын «қашық болуға тиіс бес дұшпаның», бойға сіңірірлік «бес асыл іс», «атаның емес, адамның баласы болуы», «адамзаттың бәрін бауырым деп сүю» осының бәрі де ізгі ілімнің тараулы жолы, танымдық негізі. Тазәгул апа осы түркі ғұламаларының «жүрек ілімімен» тамыры ұштасып жатқан, қазіргі тілмен айтқанда, ұлттық қолты, ұлттық ойды өзгеше ағынға бастаған жаңа арнаны талмай ұғындырушыларының қатарында еді.


Апаның елге, кейінгі ұрпаққа үлгі болар қасиеттерін осылайша термелей берсем, сезімталдығы, ұқыптылығы, жауапкершілігі, жан, тән тазалығы, сабырлы салықалығы, өзінің ойын тармақтап жеткізе алатын сауаттылығы, ұстамдылығы, мәдениеттілігі, бір айтары бар сөз тапқыштығы, кез келген нәрсенің адал жағын таразылап жеткізе алатын сауаттылығы, баямсыз қабылдайтын тектілігі, ең бастысы, тек қамқорлық пен мейірімге толы ана жүрегінің лүпілі бір кітапқа жүк болатындай екен.

Р.С: Ауруханаға түсерінен бір күн бұрын, 10 қыркүйек күні түнгі он жарымда, телефон арқылы сөйлескенімізде апаның өз аузымен айтқан «иманды адам ешкімнің жанын жара-лап, қатты сөз айтпайды, айтар сөздеріне абай болыңдар» дегені соңғы сөзі екенін, оны бізге өсиет етіп қалдырғанын кездесісоқтық дей алмаймын.

Ойымды түйіндей келе, «Аппақ апатайым-ау, жатқан жерің жайлы, топырағың торқа болсын, мәңгілік мекенің пейіш болғай» дей отырып, өзіңді бір сәтке де есімнен шығармайтынымды, үнемі асыл бейнемен күбірлеп тілдесетінімді, әрдайым құран бағыштайтынмызды, артында ізінді, сөзінді жалғастырар жандардың бар екенін айтқым келеді. Бауырға деген сағыныс сарқылмайтын бұлақ, сөнбейтін шырақ екені рас.

Қүлдірсің САРЫШОВА
Сіңілісі, ф.ғ.к., Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің қауымдастырылған профессоры

■ «ПАЙДА ОЙЛАМА, АР ОЙЛА...»

ҚЫРЫҚ ТӨРТІНШІ
ҚАРА СӨЗ

Адам баласының ең жаманы – талапсыз. Талап қылушылар да неше түрлі болады. Үлкен талаптың өзі де түрлі-түрлі. Үлкен сол талаптардың қайсысының соңына түссе де, бірінен бірі өнерлі, тұрлаулырақ келеді. Уа, ләкин адам баласы я талапты, я талапсыз болсын, әйтеуір «бәрекедін» керек қылмай тұғыны болмайды. Өрнешік, орынсыз ба, орынды ма, «бәрекедін» деушіні көңіл іздеп тұрады.

Адам баласы өзі қай жолда, қай майданда жүрсе, сол майдандағы кісімен сырлас болады. Оның үшін өзге жолдағылардан «бәрекедін» оңды күтпейді. Маған «бәрекедін» десе, осы өзімменен серіктес, сырлас осылар «бәрекедін» дер дейді.

АБАЙ
ҚҰНАНБАЕВ – 180

Талаптың ішінде адам баласы көбінесе басына қадір іздеп, сол талапта болады. Біреу мал қуып жатыр. Сарандықпен, арамдықпен, әйтеуір мал тапсам, «Мал тапқан ердің жазығы жоқ» дейтұғын, «Малдың беті жарық» дейтұғын мақалға сеніп, халықтың түріне қарай, ит те болса, малдыны сөге алмайды деп, бұл мал Һәм пайда, Һәм қасиет болады бойыма дейді. Мұнысы рас, қазақтың өз құлқына қарағанда. Бірақ адамдыққа, ақылға қарағанда, қазақ түгіл, көңіл жиіркенетұғын іс.

Осыған орай біреу қажеке атанамын, біреу молдеке атанамын, біреулер білгіш, қу, сұм атанамын деп, сол қарекетте жүр. Әрқайсысы қазаққа яки бірі бар, бірі жоқ болса, бағанағы екі бұлдамақ та болып, басына «осыным бірсыпыра елеу азық болар» деген талаппен қылып жүр.

Мұнысы қазақтың тамырын ұстап-ұстап қарайды-дағы, «мынаны алып келіп берсе, қымбат алғандай екен, осы күнде мына бір істің біраз пұлы бар екен» деп, қазақтың өз бетінен оқып, ізденген талап болмаса, кітап бетінен оқып іздеген талап емес.

Оның үшін кітап сөзіменен ізденген талап болса, әуелі көкіректі тазалау керек дейді, онан соң ғибадат қыл дейді.

Қазақтың бетіне қарап, қарап оқыған болса, ол талабыңды қыла бер, көкіректі тым тазалаймын деме, оны кім көріп жатыр, ішінде қатпар көп болмаса, құт-берекеге жағымды болмайды дейді. Енді осыған қарап, қайдан оқып, біліп, ұмтылған талап екенін білсерің.

ҚҰРМЕТКЕ БӨЛЕНГЕН КҮН

Мұғалімдер күніне орай А.Тоқағамбетов атындағы мәдениет үйінде мерекелік жиын өтті. Салтанатты жиынға қала әкімінің орынбасары Ділмұхамед Абызов және облыстық білім басқармасының басшысы Асқарбек Есжанов қатысты.

Салтанатты жиында сөз алған қала әкімінің орынбасары Ділмұхамед Абызов мұғалім мамандығының қоғамдағы айрықша орнын атап өтіп, ел ертеңін тәрбиелеу жолындағы қажырлы еңбегі үшін ұстаздар қауымына алғыс білдірді.

– Биылғы тамыз конференциясында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Мен Қазақстан ұстаздарының қажырлы еңбегін жоғары бағалаймын. Сіздердің жас буынға беріп жатқан білімініздің күшіне сенемін. Шын мәнінде, ұстаздық – жай мамандық емес, бұл – ұлы миссия. Адам қандай жетістікке жетіп, биікке шықса да, ұстазының алдында мәңгі шәкірт болып қалады», – деген болатын. Бұл сөз барша мұғалімге деген шынайы құрметтің көрінісі, – деді ол.

Ұстаз – ұлттың рухани тірегі. Бүгінгі таңда еліміздің білім саласында жүзеге асып жатқан игі бастамалар Мемлекет басшысының тапсырмасы облыс, қала басшылығының қолдауының нәтижесі. Осы бағытта Қызылорда қаласында соңғы жылдары білім беру саласы қарқынды дамып келеді. Өзгерістер көп. Бастысы, нәтижелі.

Мәселен, биылдың өзінде 5 бірдей «Келешек мектебі» пайдалануға берілді. Сонымен қатар физика-математика бағытындағы жаңа мектеп өз жұмысын бастап, алғашқы оқушыларын қабылдады. «Сыр жұлдыздары» шығармашылық-инновациялық академиясы дарынды балаларға арналған жаңа мүмкіндік алаңына айналды. «Оқушылар сарайы» – озаттар ордасына, ал спортқа бейім



жасөспірімдер үшін «Үстел теннисі» орталығы тиімді нысанға айналды.

Осындай жүйелі жұмыстардың нәтижесінде шәкірттеріміз түрлі зияткерлік және шығармашылық сайыстарда топ жарып, ел мерейін асырып жүр. Халықаралық және республикалық олимпиадаларда жүлделі орындарға ие болған оқушылардың қатары жыл санап артуда. Ұлттық бірінгей тестілеуде де Сыр елінің түлектері жоғары көрсеткіштерге қол жеткізіп, грант иегерлері қатарынан табылды.

Мұғалімдердің еңбегі де ескерусіз қалған жоқ. Бірқатар мұғалімдер «Ерен еңбегі үшін» медалімен, сондай-ақ Оқу-ағарту министрлігінің «Еңбек ардагері» медалімен, «Білім беру ісінің құрметті қызметкері», «Құрмет» грамоталары, облыс және қала әкімдерінің Алғыс хаттарымен марапатталды. Үздік 10 педагогке 150 мың теңгенің сертификаты табыс етілді.

– Біздің қажырлы еңбегімізді ұлықтап, төрге шығарып жатқанына алғысымыз шексіз. Расында, ұстаздың еңбегі орасан зор. Баланы тәрбиелеу бір бөлек, ал білім беріп алға қарай жетелеу мүлде бөлек. Сондықтан да барша ұстаздарды айтулы мерекемізбен шын жүректен құттықтаймын, – дейді №187 М.Шокай атындағы ІТ-мектебінің ұстазы Ләззат Төлегенова.

Мерекелік кеш ұстаздарға арналған ән-жырмен жалғасты. Оқушылар сахна төрінде өнер көрсетіп, ұстаздарына деген алғысын әнмен жеткізді. Мағжан Жұмабаевтың: «Алты Алаштың баласы бас қосса, төрдегі орын – ұстаздікі» деген қанатты сөзі шара барысында жиі айтылды. Бұл – ұстаз еңбегіне деген мәңгілік құрметтің белгісі.

А.БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ

ӨРТТЕН САҚ БОЛАЙЫҚ!

Жыл сайын тұрғын үйлер мен пәтерлерде тұрғындардың салғырттығы мен электр жүйелерінің ақауының себебін тұрмыстық өрт оқиғалары арта түседі. Қоршаған ортаны өрттен қорғау мақсатында адам өлімі мен жарақаттануын қысқарту жөніндегі іс-шаралар жүргізу нұсқауын басшылыққа алып, Қызылорда облысы Төтенше жағдайлар департаментінің азаматтық қорғау қызметкерлерімен жеке құрамдары жұмылдырылып жұмыс істеуде. Жыл басынан бері облыс бойынша әр аттаның сенбі күндері «өрт қауіпсіздігі күні» болып жарияланды. Осыған орай, өрттің себептерін талдау негізінде, облыс бойынша 14272 тұрғын үйді аралап, 68185 тұрғынға түсіндірме жұмыстары жүргізілді.



«Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, төмендегі шараларды ескере отырып оқыс оқиғалардан алышақ болуларыңызды сұраймын:

- Жылыту маусымы басталар және аяқталар алдында жылыту пештерді жөндеуден өткізіп, мұржаларды құл қоқыстан тазалап тұрыңыз;
- Қатты отын пайдаланатын пеш есігінің астындағы жанғыш материалдардан жасалған еденді өлшемі 50х70 см. кем болмайтын есік алды қаңылтырмен қорғаныз;
- Пештерді жағуды үйден шығар алдында кемінде 2 сағат бұрын тоқтатыңыз;
- Қолдан жасалған қыздырғыш электр аспаптарын, қуаттын артып кетуін және қысқа тұйықталуды болдырмау үшін калибрленбеген ерігіш ендірмелерді және басқа да қолдан жасалған аппараттарды қолданбаңыз;
- Электр аспаптарын бір нүктеге қосуда жол берменіз, бұл электр желісінің шамадан тыс қуаттылығына әкеп соқтырады;
- Электр аспаптарын, плиталарды жарамды күйде қолданып, перделер мен жиһаздан алышақ, жанбайтын тіреулерді орналастырыңыз;
- Электр өткізгіштердің, ажыратқыштардың тоқ қоздырып дұрыс жұмыс істеуін қадағалаңыз;
- Өткізгіштермен кабельдердің сымдарын жалғау, түйіндеу және тармақтау өртке қатысты қауіпті ауыспалы кедергілерді болдырмау үшін сығымдау, дәнекерлеу, пісіру және арнайы қысқыштардың көмегімен жүргізілуі қажет;
- Өрт болған жағдайда «101», немесе құтқару қызметінің телефоны «112» номерлеріне телефон соғыңыз.

Нариман АЙДАРБЕКОВ,

Қызылорда қаласы ТЖБ №5 өрт сөндіру бөлімінің қарауыл бастығы, азаматтық қорғау капитаны

Ал стадионның ашылу салтанаты футболсүйер қауым үшін ерекше есте қалар күн болмақ. Бұл күні Сыр елінде алғаш рет Қазақстан Кубогы үшін финалдық ойыны өтті. Финалдық ойынмен тұспал-тұс келді. Жанкүйерлер асыға күтетін спорт мерекесі отандық футбол тарихында алғаш рет Қызылорда қаласында өтуде. Қаламызда жаңа спорт нысанының бой көтеруі Мемлекет басшысының ел спорттына деген айрықша қамқорлығының айтағы. Бұл – жастардың спортқа қызығушылығын арттырып, салауатты өмір салтын қалыптастыруға үлкен серпін береді.



Жаңа стадионның ашылу салтанатына туризм және спорт министрі Ербол Мырзағалиұлы, Қазақстан футбол федерациясының президенті Марат Омаров, аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев және қоғам қайраткерлері қатысты. Тіпті жұлдызды қонақтарымыз да бар. «Стил таза Қызылорда» әнімен танымал «Belucci» тобы, Садралдин, құпия қонақ – Нұрлан мен Мұрат сынды жұлдыздар өзін көрсетті. Ашылу салтанатында аймақ басшысы өз сөзінде жаңа стадионның ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың спорт инфрақұрылымын дамыту жөніндегі тапсырмасы аясында салынғанын атап өтті.

– Бүгін Қазақстан спорт тарихындағы айтулы күн. Бұл стадион – Сыр елі үшін зор мақтаныш. Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлының аймақтарда спорт инфрақұрылымын дамыту, оның ішінде стадиондар мен

спорт кешендерін салу туралы тапсырмасына сәйкес Қызылорда қаласында жаңа стадион бой көтерді. Жаңа стадионымыздың ашылуы футболдан Қазақстан кубогының финалдық ойынымен тұспал-тұс келді. Жанкүйерлер асыға күтетін спорт мерекесі отандық футбол тарихында алғаш рет Қызылорда қаласында өтуде. Қаламызда жаңа спорт нысанының бой көтеруі Мемлекет басшысының ел спорттына деген айрықша қамқорлығының айтағы. Бұл – жастардың спортқа қызығушылығын арттырып, салауатты өмір салтын қалыптастыруға үлкен серпін береді.

СЫР СПОРТЫНЫҢ СЕРПІНІ



Сондай-ақ финалдық ойынды өткізуге бастамашы болып, ұйымдастырған Қазақстан футбол федерациясына зор ризашылық білдіреміз. Бүгінгі шешуші кездесуде шыққан командаларға сәттілік тілеймін. Қазақстан футболының даңқы арта берсін, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Қазақстан футбол федерациясының президенті Марат Омаров жаңа стадионның қазақ футбол тарихындағы орнын тілге тиек етіп, ерекше атап өтті.

– Құрметті қызылордалықтар және футбол жанкүйерлері! Сіздерді жаңа стадионның ашылуымен шын жүректен құттықтаймын. Бұл еліміздің футбол картасынан лайықты орын алатын заманауи арена. Осы орайда Қазақстан кубогының финалы алғаш рет Сыр елінде өтіп отыр. Осы алаңда талай қызықты кездесулер мен ұмытылмас тарихи ойындар өтеді деп сенемін. Бүгінгі финал сол табысты жолдың бастауы болсын, – деді федерация басшысы Марат Омаров.

Жанкүйерлердің де пікірін тыңдап көрдік. Ауа-райының салқындығына қарамастан, командаларына қолдау білдіруде.

– Стадиондағы атмосфера ерекше. Қазақстан кубогын кім алар екен деген толғаныс болып тұр. Екі команда да мықты. Бір-біріне дөс бермеуде. Бұл тарихи сәт болмақ, – дейді жанкүйер Жәния Төрбекова.

Көптен күткен финалда «Ордабасы» мен «Тобыл» командалары бақ сынады. Ойынның алғашқы минуттарынан-ақ тартыс қызды. Бірінші таймда қостанайлық «Тобыл» басымдық танытып, қарсыластың қақпасына екі доп соқты. Николай Сигневич пен Ислам Чесноков ойыншылары ерекше көзге түсті.

Бұл финал екі команданың арасындағы бесінші шешуші кездесу болды. Бұған дейінгі ойындарда екі команда да екі реттен жеңіске жеткен еді. Осылайша, «Тобыл» тағы да кубок иегері атанып, Сыр төріндегі тарихи матчтың басты кейіпкеріне айналды.

– Кубок құтты болсын. Финал үлкен жауапкершілікті талап етеді. Мен «Тобылға» жанкүйер болдым. Себебі Асхат Тағыбергел сияқты кіл мықты ойыншылардың жекелей әрекеттері финал үшін шешуші сәт болуы мүмкін. Тобыл – өте жүйелі, қорғанысы мықты команда. Тобылдың жеңісі тактикалық тәртіптің нәтижесі болды деп ойлаймын, – дейді жанкүйер Асжан Мұхамалжар.

Еске салсақ, Асхат Тағыбергел финалда жеңіске жетсе, бұл жеңісті сәбиіме арнаймын деп баспасөз мәслихатында мәлімдеген еді. Расында, жүйелі тәртіп пен финал кезінде шешуші әрекеттер команданың абыройы болып саналмақ. Бұл ойында төрелік ету оңайға соқпағаны анық.

– Бұл ойында төрелік ету мен үшін үлкен тәжірибе болды. Қазақстанда футболдың қарқынды дамуын көріп, шыны керек, қуанып отырмын. Жаңа стадионда төрелік ету мен үшін мақтаныш, – дейді бас төреші швейцариялық Свен Вольфенсбергер.

Қызылордада ашылған жаңа стадион – жай ғана спорт кешені емес, жастарды салауатты өмір салтына баулитын, үлкен жетістіктерге жол ашатын орталық. Заманауи жабдықтармен қамтылған арена алдағы уақытта халықаралық деңгейдегі жарыстарды өткізуге толық мүмкіндік береді.

– Бұл стадионның ашылуы тек Қызылорда үшін ғана емес, қазақ футболы үшін тарихи сәт болмақ. Қазіргі таңда өздеріңіз білетіндей, біздің елде стадион тапшы. Сапасы жағынан кей аймақтарда ескі стадиондар да жетерлік. Ал жаңа стадионның ашылуы тек футболистер үшін ғана емес, ауқымды мәдени іс-шаралар өткізу үшін де өз пайдасын бермек. Тақыр жер болып тұрған аумақ қазір көз қуантады. Бүгінде осы стадионда Қазақстан кубогының финалдық кезеңі өтті. Бұл стадион алдағы уақытта қазақ футболына қызмет етеді. Алда жаңа стадионнан жақсы жанылықтар естиміз деген ойдамын, – дейді спорт комментаторы Ермұхаммед Мәлен.

Сыр өңірі спорты үшін бұл тарихи сәт болды.

Айдана БАХТИЯР

Меншік иесі:

СЫР
МЕДИАжауапкершілігі
шектеулі серіктестігіБас директор
Марат АРАЛБАЕВҚызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясыБас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтанның көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі №17657-І.

«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспахандысында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.

Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 3978 Тапсырыс №1698

Нөмірдің кезекші редакторы: Гайяр ҚОЖАХМЕТОВА